

"ЖАҢА ЖЫЛ"

қайдан шыққан?

ما أصل الاحتفال
بالسنة الميلادية؟



Аса Мейірімді, Ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Жаңа жыл және оның шығу тарихы

Уа Аллаһтың мүмин құлдары! Аллаһтан қорқыңдар және Оған мойынсұнып, Оған бағынышты болыңдар. Аллаһ Тағалаға Ол сіздерді көпшілік адамдардың адасып, Жаратушысының әмірлерінен алыстап кеткен кезде тура жолға салғаны үшін шүкіршілік етіңдер.

وَاذْكُرُوهُ كَمَا هَدَاكُمْ وَإِنْ كُنْتُمْ مِنْ قَبْلِهِ لَمَنِ الضَّالِّينَ

«Аллаһты Ол сендерге нұсқағанындай етіп еске алыңдар.

Өйткені сендер бұрын адасқандардан едіңдер»

(«әл-Бақара» сүресі, 198-аят).

Әй адамдар! Ұлы Жаратушының пайғамбарлары мен елшілерінің бірі, барлық елшілердің ішіндегі ең құрметті әрі ардақты бес пайғамбардың бірі — Иса ибн Мариям (Мәриямның ұлы Иса) болған, оған және оның анасына Аллаһтың сәлемі болсын. Аллаһ Тағала оны Исраил ұрпақтарына тура жол басшылығымен жіберіп, оған Інжіл атты қасиетті Кітапты түсірді. Сондай-ақ оған өзінен кейін келетін Аллаһтың елшісі, пайғамбарлардың тізбегін аяқтаушы Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келетінін сүйіншілеп жеткізуді бұйырды. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

وَقَفَّيْنَا عَلَىٰ آثَارِهِم بِعِيسَى ابْنِ مَرْيَمَ مُصَدِّقًا لِّمَا بَيْنَ يَدَيْهِ مِنَ التَّوْرَةِ وَآتَيْنَاهُ

الْإِنْجِيلَ فِيهِ هُدًى وَنُورٌ وَمُصَدِّقًا لِّمَا بَيْنَ يَدَيْهِ مِنَ التَّوْرَةِ وَهُدًى وَمَوْعِظَةٌ لِّلْمُتَّقِينَ

«Және пайғамбарлардың ізінше өзінің алдындағы Тәуратты растаушы етіп, Мәриям ұлы Исаны жалғастырдық. Әрі оған ішінде туралық, нұр болған өзінен алдындағы Тәуратты бекітуші, сондай-ақ тақуалар үшін тура жол мен уағыз ретінде Інжілді бердік»

(«әл-Мәида» сүресі, 46-аят).

Алайда уақыт өте келе, өздерін Иса пайғамбардың ізбасарлары деп атаған адамдар оның үйреткен ілімдеріне түрлі жаңалықтар енгізе бастады. Соның нәтижесінде Иса пайғамбардың үйреткен ілімінің бұрмалағандығы соншалық, одан іс жүзінде ештеңе қалмады. Бүгінгі күні «Исаның діни ілімі» деп аталатын нәрсе Иса пайғамбардың Жаратушысынан әкелген шынайы ілімімен өте аз байланысы бар. Тіпті, қазіргі «Исананың діні» деп аталып жүрген нәрсе оның алып келген

негізгі қағидаларына және ең басты принципіне — яғни таухид (бір Аллаһқа ғана құлшылық ету) принципіне қайшы келеді.

Иса пайғамбар адамдарды тек жалғыз Жаратушыға — бүкіл әлемдердің Раббысына, шынайы Құдайға, жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақыру үшін жіберілді. Бірақ олар өздерін Иса пайғамбардың ізбасарлары деп атаса да, Аллаһпен қоса оған құлшылық ете бастады, оны Аллаһтың жалғыз ұлы деп жариялады. Кейіннен оның анасына құлшылық етіп, оны Құдай анасы деп атады, әрі қарай апостолдарға және әртүрлі өздерінің әулие-әділдеріне құлшылық ете бастады.

Міне, Иса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) іліміне, оның шариятына, сондай-ақ Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариятына еш қатысы жоқ жаңалықтардың бірі — осы күндері көпшілік атап өтуді жоспарлап отырған мейрам.

Әй мұсылмандар! Әй Аллаһтың құлдары! Егер Иса пайғамбардың өзі бұл мерекені — Жаңа жылды атап өтуді бекіткен болса да, біз оны атап өтуге құқылы болмас едік. Неліктен? Өйткені Исадан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) кейін Аллаһ адамзатқа өзінің соңғы елшісін — Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберіп, оған Өзінің соңғы Қасиетті Кітабы — Құран Кәрімді түсірді. Құран өзінен бұрын келген барлық Кітаптардың күшін жояды. Егер бұрынғы Кітаптардан бір нәрсе Құран мен Сүннетке, Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариятына сәйкес келмесе, ол енді күші жойылған болып саналады және Жаратушы тарапынан қабылданбайды, оны орындаудың еш мағынасы жоқ. Ал ендеше Пәк әрі Ұлы Аллаһтан келген діндердің ешқайсысына қатысы жоқ бұл мерекені атап өтудің мәні қандай?

Бұл жалған мейрам, яғни Жаңа жыл деп аталатын мереке, қалайша көптеген адамдардың жүрегіне берік еніп алды?

Бұл мейрам христиан дініне пұтқа табынушылықтан, көпқұдайшылықтан ендірілген. Жалпы, пұтқа табынушылық пен көпқұдайшылық христиандықты ұстанушылардың рәсімдеріне ерте кезеңдерден бастап ықпал етіп, олардың ілімдеріне ене бастады. Осылайша, «христиандық» деп аталған дін өзіне пұтқа табынушылық рәсімдерін, ежелгі гректер мен римдіктердің түсініктерін сіңіріп алды. Ақырында, бұл пұтқа табынушылық рәсімдері осы діннің негізіне айналып, олар осы Аллаһтың дініне қатысы жоқ рәсімдерді Мәсих Исаға

(оған Аллаһтың сәлемі болсын) және оған ерген апостолдарға теліді. Алайда олардың бұған еш қатысы жоқ еді.

Міне осындай шариятқа қайшы келетін рәсімдердің бірі — пұтқа табынушылықтан шыққан мейрамдар, яғни Исаның (ғаләйһи-с-сәләм) туған күнін білдіретін Рождество (Кристмас) және Жаңа жыл деп аталатын мерекелер. Бұл мерекелерді атап өту барысында көптеген тыйым салынған, яғни харам іс-әрекеттер орын алады, олар: көпқұдайшылық (ширк), пұтқа табынушылық, күнәлар мен адасушылықтардың алуан түрлері.

Өкінішке орай, бүгінгі күні осы күндердегі пұтқа табынушылық рәсімдерден кейбір мұсылмандар да өзін қорғап қала алмады. Бұл мерекелерге шақырулар мұсылмандар мен олардың балаларына жан-жақтан: теледидар экрандарынан, веб-сайттардан, интернеттен, көше жарнамаларынан төгіліп жатыр.

Бұдан да қорқыныштысы — мұсылмандардың өздері де бірін бірі осы тыйым салынған харам болып табылатын мерекелермен құттықтай бастайтыны, оларды өз мейрамдары деп қабылдап, атап өтетіні, жақындарына сыйлықтар беріп, бір-бірінің үйлеріне қонаққа барып, қуанып, көңіл көтеретіні. Егер сіз адамдарға жақсылық тілесейіз, онда өз жақындарыңызға, осы үлкен күнәға бой алдырған, бұл мерекенің жылтырақ бояуларына алданып қалған айналаңыздағы адамдарға бұл мерекенің зиянын түсіндіріп, оларды одан сақтандыруыңыз қажет.

Рождество атты мейрам жайлы айтсақ, қазіргі тандағы христиан дінін ұстанушылар оны Иса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болын) туған күні деп тойлайды.

Алайда, шын мәнінде Иса пайғамбардың туған күні ғана емес, тіпті оның туған жылы да белгісіз. Христиан дінінің тарихшылары Иса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) туған жылы жайлы өзара тартысуда, сонда оның туған айы немесе күні жайлы не айтуға болады?

Бұл мейрам христиан дінінің 4-ші ғасырының ортасында пайда болады. Ол қайдан келді? Пұтқа табынушылықтан. Бұл күнді римдік пұтқа табынушылар Күн құдайының күні деп тойлайтын. Осылайша, 4-ғасырда римдіктер христиан дінін қабылдаған соң, шіркеу қызметкерлері жаңадан христиан болған римдіктердің үлкен тобын өздеріне қарату үшін бұл мерекені олардың бұрыннан кеңінен атап өтетін мейрамымен біріктіруді шешті. Осылайша, Күн құдайының күні Иса пайғамбардың туған күні деп жарияланды.

✓ Жаңа жылға келетін болсақ, бұл мереке де пұтқа табынушы Римде болған — ол екіжүзді Янус құдайының мейрамы болатын. Міне, осы жаңа жыл! Олар екіжүзді Янус деген — таңдау мен бастаманың құдайының мейрамын атап өтетін. Римдіктерге христиандық, яғни әрине, оның бұрмаланған нұсқасындағы христиандық келген соң, дәстүрлі мерекелер енді жаңа діннің рәсімдеріне ауыстырылды. Шіркеу қызметкерлері мұндай айлаға римдіктерді бұл діннен алыстатпау үшін барды: енді олар бұл мерекелерді басқа атаулармен алмастыра бастады. 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға ауысатын бұл күнді олар «Құдайдың сүндеттелу күні» деп жариялады. Олар бұл күнді Иса пайғамбардың сүндеттелген күні деп атады, себебі бұл Рождестводан кейінгі жетінші күн еді, ал яһудилерде сүндеттеу дәстүрі жетінші күні жасалатын.

Осы күндері олар шіркеулерге барып, онда діні әнұрандар (псалмдар) айтады, өзара сыйлықтар және құттықтаулармен алмасады. Өз балаларына сыйлықтарды «қасиетті Клаус», яғни солтүстік полюсте тұратын әулие Николай (Николас - Клаус) әкеледі деп үйретеді. Олар балаларға «қасиетті Клаусқа», «әулие Николайға», «Аяз атаға» дұға ету керектігін үйретеді. Егер одан дұға етіп сұрасаң, ол түнде ұйықтап жатқанда саған сыйлықтар әкеледі, сенің дұғаңа жауап береді дейді. Осы күндері олар шырша орнатып, оны безендіреді.

✓ Сіз: «Неліктен біз мұның бәрін айтып отырмыз?» — деп сұрауыңыз мүмкін.

Егер шайтан көптеген мұсылмандарды бұл торларға түсірмегенде, біз бұл туралы айтпас едік те, бұны олар білуі де қажет болмас еді. Біз мұны мұсылмандар бұл мейрамның түп-тамыры қайдан шыққанын түсінуі үшін айтып отырмыз. Көптеген адамдар дәл осы күндері ессіздікпен айналысатын осы жаман әдеттен сақтануы үшін, сондай-ақ басқаларды бұл күнәлардан қорғау үшін бұны түсіндіру қажет. Хузайфа ибн әл-Яман (оған Аллаһ разы болсын) айтқандай: *«Әдетте адамдар Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсылық туралы сұрайтын, ал мен жамандыққа тап боламын деп қорқып, жамандық туралы сұрайтынмын»* (әл-Бухари 3606, Муслим 1847).

✓ Жаңа жылдық шырша орнату рәсімі де пұтқа табынушылардан алынған.

Ежелгі мысырлықтар, қытайлықтар, кейін римдіктер мен гректер бұл барлық маусымда жасыл болып тұратын ағашты мәңгілік өмірдің,

сәттілік пен өркендеудің ағашы деп санаған. Сондықтан гректер мен римдіктер христиандықты қабылдаған кезде, шіркеу қызметкерлері дінді бұрмалап, оған жаңалықтар енгізіп, дінді адамдардың қалаулары мен нәпсілеріне бағындыра отырып, осындай «Жаңа жылдық шырша» рәсімін ойлап тапты. Шын мәнінде, бұл рәсімнің Иса пайғамбарға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) да, оның әкелген дініне де еш қатысы жоқ.

Бүгінгі күні білімі аз мұсылмандардың үйлеріне шырша әкеліп, оны безендіріп, пұтқа табынушылық рәсімдеріне қуанып, осыны балаларына үйретіп жатқанына куә болу қандай өкінішті-ақ!

Айта кетерлік жайт, христиандардың өздерінің арасындағы объективті зерттеушілердің көбі бұл мерекелік рәсімдердің христиандыққа қатысы жоқ екенін, олардың түп-тамыры пұтқа табынушылықтан шыққанын мойындайды.

Бүгінде Жаңа жылды тойлау кеңінен таралып, басқа қауымдарға өтіп, жер бетінің дерлік барлығын жаулап алды. Мұның себебі неде? Мұның себебі — еліктеу, ақпараттық насихат, сондай-ақ Юлий Цезарьдің пұтқа табынушылық дәуірінде 1 қаңтарды жылдың басы деп белгілегені. Бүгінде көптеген елдер бұл күнді күнтізбенің басы ретінде қабылдады. Өкінішке орай, мұны көптеген мұсылман елдері де жасады.

Мұсылмандардың өз күнтізбесіне емес, яғни Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының бірауызды келісімімен бекітілген күнтізбесіне емес, Гай Юлий Цезарь ойлап тапқан күнтізбеге сүйенгені таңғаларлық жағдай. Бұл нені көрсетеді? Бұл — біріншіден, діни білімсіздіктің әрі сауатсыздықтың жемісі; екіншіден, иман әлсіздігінің жемісі; үшіншіден, өткінші, жер бетіндегі өмірге деген шектен тыс сүйіспеншіліктің нәтижесі.

Барлық телебағдарламалар мен жаңалық шығарылымдары бұл күндері құттықтаулармен толып жатыр, газеттер мен журналдардың алғашқы беттері, интернет беттері де осындай құттықтауларға толы. Жаңа жылды қарсы алу, әсіресе 31 желтоқсанның 1 қаңтарға ауысатын сәті тікелей эфирде көрсетіледі. Бұл олар үшін бейне бір Қасиетті сәт! Бүкіл халық осы сәтте таңғажайып нәрсе күтетіндей үнсіздікке бой алдырады. Бұл күнәлармен байланысты рәсімдерге қаншама ақша жұмсалады! Орасан зор қаражат шығындалады, ал ол ақшамен миллиондаған аш адамдарды тамақтандыруға, мыңдаған адамды баспанамен қамтамасыз етуге, он мыңдаған науқасқа ем алуға жағдай

жасауға болар еді. Бұл күнәлі шығындар — орны толмас шығындар, олар адамдарға ешқандай пайда әкелмейді және Жаратушыдан ешқандай сауапқа ие болмайды. Неге? Өйткені бұл қаражат біздің Жаратушымыз ұнатпайтын пұтқа табынушылық рәсімдерін тойлауға жұмсалады. Әрбір адам жаңа жылды тойлауға ұмтылған немесе жүрегінде бұл күнге деген қуаныш сезінген болса, мынаны ойлануы керек: Аллаһ, сенің Жаратушың, мұны жек көреді, Ол мұндайға разы емес. Бұл шараларға қатысатын және оларды қолдайтын мұсылмандар өздерінің Жаратушысына ұнамсыз жек көрінішті нәрсені мақұлдап отырғанын түсінуі керек.

Олар мұны түсініп, күнәға батудың орнына Аллаһтың мейіріміне, кешіріміне ұмтылуы тиіс.

Аллаһ біз үшін өз разылығын әкелетін мейрамдар мен рәсімдерді бекітіп берген. Бұл мейрамдар бізді Оған жақындатады және адасқандар ойлап тапқан пұтқа табынушылық рәсімдеріне еліктеуден сақтайды.

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

ثُمَّ جَعَلْنَاكَ عَلَىٰ شَرِيعَةٍ مِّنَ الْأَمْرِ فَاتَّبِعْهَا وَلَا تَتَّبِعْ أَهْوَاءَ الَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ

«Кейін Біз сені (уа Мухаммад) осы шарият ісіне қойдық. Енді сонымен жүр әрі білмейтіндердің әуес-қалауларына ілеспе»

إِنَّهُمْ لَن يَغْنُؤُوا عَنْكَ مِنَ اللَّهِ شَيْئًا

«Өйткені олар сені Аллаһтан еш қорғай алмайды»

(«әл-Жәсия» сүресі, 18-аят).

Оларға еліктеудің қажеті не? Олар Аллаһтың алдында сізге еш көмек көрсете алмайды.

وَإِنَّ الظَّالِمِينَ بَعْضُهُمْ أَوْلِيَاءُ بَعْضٍ وَاللَّهُ وَلِيُّ الْمُتَّقِينَ

«Расында, залымдар бір-бірінің досы. Ал Аллаһ тақуалардың досы»

(«әл-Жәсия» сүресі, 19-аят).

Аллаһтан келген мейрамдар, уа Аллаһтың құлдары, шынайы қуаныш әкеледі. Бұл туралы өз отбасыларыңызға, балаларыңызға түсіндіріңіз. Сіз шынайы, ықыласты қуанышты өміріңіз, балаларыңыз бен жақындарыңыздың тағдыры тек Соған ғана толығымен бағынышты болған Аллаһтың сізге разы екенін білген кезде ғана сезіне аласыз. Міне, осы нағыз әрі шынайы қуаныш! Егер сіз Аллаһ Тағала бекіткен және игі еткен мейрамдарды тойласыңыз, бұл арқылы сіз Оның разылығына қол

жеткізесіз, осы қуаныш арқылы Оған жақындайсыз. Міне, осы – шынайы мейрам.

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) Мәдинаға көшіп келген кезде оның тұрғындары (ансарлар) Наурыз бен Махражан атты екі мейрамды атап өтіп жүрген болатын. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан: **«Бұл не күндер?»** — деп сұрады. Олар: «Бұл біздің исламға дейінгі жәһилиет (надандық) заманында ойнап, көңіл көтеретін күндеріміз еді», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) былай деді:

«Расында, Аллаһ сендерге олардың орнына олардан жақсы екі мейрам берді - олар Құрбан айт пен Ораза айт күндері»
(«Сахих Аби Дауд» 4/297).

Аллаһқа бүкіл мақтаулар болсын! Бізге Құрбан айт пен Рамазан айт мейрамдары жеткілікті. Аллаһ бізге бұлардан артығын қажет етпейтін мейрамдарды нәсіп етті. Аллаһ Тағаланы қаһарландыратын Оны наразы ететін нәрсеге қалайша қуануға болады?

Шынымен де сіз азғантай ғана қуаныш, азғантай ғана, санаулы сәттер күлу үшін, содан кейін көп әрі ұзақ жылағыңыз келеді ме?

Абдуллаһ ибн Қайс Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған:

إِنَّ أَهْلَ النَّارِ لَيَكُونُونَ، حَتَّى لَوْ أُجْرِيَتْ السُّفُنُ فِي دُمُوعِهِمْ لَجَرَتْ، وَإِنَّهُمْ لَيَكُونُونَ الدَّمَ - يَعْنِي - مَكَانَ الدَّمْعِ.

«Расында, Тозақ тұрғындары жылайды, әрі егер олардың көз жастарына кемелер жүзуге жіберілгенде – олар жүзетін еді. Әрі, ақиқатында, олар көз жастың орнына қанмен жылайды»
(«әс-Сахиха», 1679).

Аллаһ мұндай қуанышпен қуанушыларды жақсы көрмейді. Күнәға қуану - жақын арада басыңызға түсетін бақытсыздықтың белгісі, бұл өте жаман белгі.

Аллаһ Тағала сізге мейірімін нәсіп етті, ал сіз Аллаһтың бергеніне шүкіршілік етудің орнына мал-мүлкіңізді күнәлі істерге жұмсайсыз. Бұл ақшаны шырша сатып алып, жаңа жылдық тойға немесе отшашу мен петардалар атуға жұмсамай, садақаға, кедей-кепшіктерге, жетім баланы асырауға, Аллаһтың жолында жұмсауға, Аллаһтың дінін оқып үйреніп оны насихаттаушыларға көмектесуге, мешіттерге, оларды көркейтуге

және күтіп ұстауға жұмсаңыз. Егер сіз Аллаһ Тағаланың разылығы үшін қайсыбір нәрсеге қаражат жұмсасыңыз, сіз оны Аллаһтың алдында ең көркем түрде табасыз.

وَمَا تَقْدُمُوا لَأَنفُسِكُمْ مِّنْ خَيْرٍ تَجِدُوهُ عِنْدَ اللَّهِ هُوَ خَيْرٌ وَأَعْظَمَ أَجْرًا

«Өздерің үшін алдын ала қайыр істесеңдер, оны Аллаһтың қасында жақсы, зор сыйлық түрінде табасыңдар»

(«әл-Музаммил» сүресі, 20-аят).

Пәк әрі аса Жоғары Аллаһтан бүкіл мұсылмандарды, бүкіл мұминдерді тура жолда нық етуін, Ол түсірген осы хақ Ислам дінін шынайы ұстануды нәсіп етуін және бізді Аллаһтың ашуынының астында болғандар мен адасқандардың жолынан алыстатуын сұраймыз.

Алынған дереккөз: islam.click